

**Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Аққұм» негізгі орта мектебі  
мемлекеттік коммуналдық мекемесі  
«Қамқоршылық» кеңестің хаттамасы**

**Қатысқандар:** қамқоршылық кеңес құрамы -7  
мұғалімдер -20

**«31» 08. 2022ж**

**Күн тәртібінде:**

1. 2022 -2023 оқу жылында 1% білім қорынан бөлінген қаржының кемуіне байланысты, ыстық тамақ ішетін оқушыларды зерделеп орнын ауыстыру.

**Тыңдалды:**

Бірінші кезек бойынша сөз алған қамқоршылық кеңесінің төрағасы С. Анарбаев кеңестің қойылған күн тәртібіне байланысты 2022-2023 оқу жылында ыстық тамақ ішетін 3-оқушының қаражаты қысқаруына байланысты, 3-оқушыны ыстық тамақтан қысқартып 8-оқушыға оқушыға ыстық тамақ беру керектігін айта келе, қалған ыстық тамақ ішетін 8-оқушының отбасылық жағдайын қайтадан саралау керек деген ұсыныс айтты.

**Сөз алғандар:**

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі ата-аналар комитетінің төрайымы Парманова Аманкул жиналысқа қатысып отырған (ұжым) қамқоршылық кеңестің мүшелеріне осы мектептің ішінен ыстық тамақ ішіп жүрген ажырасқан отбасы балалары: 2-сынып оқушысы Айтбай Әскербек, 4-сынып оқушысы Айтбай Нұрсұлтан, 7-сынып оқушысы Айтбай Перизаттың тұрақты мектептен кетуіне байланысты ыстық тамақтан алып тастап қалған ыстық тамақ ішетін 8-оқушыны өзгертпей ыстық тамақпен қамтылуына ұсыныс жасады.

Мектептің әлеуметтік педагогы Скендеров Адилбек мектепте оқитын жартылай жетім, көпбалалы 2021-2022 оқу жылынан бері тегін ыстық тамақ ішіп келе жатқан жоғарыда көрсетілген 8-оқушыны өзгертпей ыстық тамақпен қамтылуын жалпы жиналысқа қатысып отырған мүшелерге жоғарыдағы айтылған ұсынысты ашық дауысқа салды.

Жалпы ұжым бұл ұсынысты бір ауыздан қолдады.

Жоғарыда айтылған ұсынысты талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы қабылдады.

**Қаулы :**

Көпбалалы отбасының оқушыларынан: 2-сынып оқушысы Анарбек Нұргелді, 2-сынып оқушысы Оңғар Аян, 4-сынып оқушысы Асқар Каусар, 4-сынып оқушысы Махамбет Мейіржан, 4-сынып оқушысы Сатыбалды Сулеймен, 6-сынып оқушысы Икмат Аманжол, 7-сынып оқушысы Тәпей Сапарғали. Жартылай жетім 8-сынып оқушысы Шымыр Қасымжомартты.

Жоғарыда аталған 8-оқушының құжаттарын өзгертпей 2022-2023 оқу жылында ыстық тамақпен қамтылсын

Жиналыс төрағасы:  
Хатшы:

С. Анарбаев  
А. Скендеров

**Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Аққұм» негізгі орта мектебі мемлекеттік коммуналдық мекемесі  
«Қамқоршылық» кеңестің хаттамасы №**

**Қатысқан азаматтар саны: 27**

**«28 » 08. 2021ж**

**Күн тәртібінде:**

1. 2021-2022оқу жылына дайындық туралы:
  - мамандармен толықтыру.
  - сыныптарды комплектілеу.
  - оқу жүктемесі.
  - сынып жетекшілікті бекіту
  - қоғамдық жүктемені бөлу.
  - мұғалімдердің медициналық байқаудан өтуі.
2. «Алғашқы қоңырау» мерекесіне дайындық туралы.
3. « Мектепке жол» атты жалпы республикалық акциясын ұйымдастыру және өткізу жұмыстары.
4. Жыл басында үйден оқытылатын оқушыларды сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің жоспарларын тексеріп, бекіту.
6. Мектеп оқушыларының оқулықтармен қамтамасыз етілуі.
7. 2021-2022 оқу жылында 1% білім қорынан бөлінген қаржыға ыстық тамақ ішетін 11-оқушыны зерделеп анықтау.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директоры Таев Ж. 2021-2022оқу жылына дайындық туралы айтып өтті . Биылғы оқу жылындағы оқу форматының қалай жүзеге асатыны туралы айта келе, биылғы оқу жылын оқушылар сабақты мектепте штаттық режимде оқытылатынын айтты. Мектепте барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, қытылатынын айтты.. Мектепте 2021-2022оқу жылында мамандармен толықтырулар жөнінде тарих пәнінің мұғалімі,математика пәнінің мұғалімдерінің декреттік демалысқа кетуіне байланысты орнына тарих пәнінің мұғалімі Өнер Жамалов мектебінен Спатаев Елсайын, 1-мамыр мектебінен математика пәнінің мұғалімі Абдихан Райымбек уақытша ауысып келетіні айтылды.

Сынып комплектісі толық 1-сыныптан 9-сыныпқа дейін жеке-жеке бір сынып болып бекітілді.

Сағат жүктемесі бойынша сөз алған ОІЖО Ғ. Абылаева сағат жүктеменің орта балы 14,1 болып бекітілгенін айтып өтті. Сынып жетекшілікке бекітілген мұғалімдер

- МАД тобына Тажибаева Жамила  
1-сынып жетекшісі Кожаберженова К  
2-сынып жетекшісі Дуйсенова Балжан  
3-сынып жетекшісі Мусаев Нұрдос  
4-сынып жетекшісі Сейіт Бақтияр  
5-сынып жетекшісі Әшіралиев Бекмұрат  
6-сынып жетекшісі Сандыбаева Алтынай  
7-сынып жетекшісі Сматова Ұлжан

8-сынып жетекшісі Дуйсенова Сабира

9-сынып жетекшісі Мамыхов Қазыбек болып бекітілгенін айтып өтті.

Мұғалімдердің медициналық байқаудан өтуі туралы сөз алған ОІЖО барлық мұғалімдердің медициналық байқаудан өткені және барлық мұғалімнің оқу жылына дайын екені айтылды.

Екінші мәселе бойынша сөз алған директордың ТІЖО Лесов Ғ. «Алғашқы қоңырау» мерекесіне дайындық жүргізіліп жатқанын, сценарийдің дайын екендігін, қатысатын оқушыларды оның ішінде 1-сынып оқушыларын карантиндік талапты сақтай отырып «Кел балалар оқылық» атты іс-шара өтетіндігі, 2-9сынып аралығында «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтетінін, сынып жетекшілер тәрбие сағатына дайындалып жатқандығын айтып өтті.

Үйден оқытылатын оқушылардың сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің жоспарларын тексеріп, бекіту жөнінде сөз алған директордың ОІЖО Абылаева Ғ. Үйден оқытылатын оқушылардың құжаттары дайын екендігі пән мұғалімдерінің жоспарларының тексеріліп бекітілгені сынып жетекшісі тағайындалғаны айтылды.

Мектеп оқушыларының оқулықтармен қамтамасыз етілуі туралы сөз алған мектеп кітапханашысы Үсенбаев Сейілбек оқулықтардың түгел жеткендігін, барлық оқушылардың оқулықтармен түгел қамтамасыз етілгенін айтып өтті.

Келесі кезек бойынша сөз алған қамқоршылық кеңесінің төрағасы О.Байжұматов кеңестің қойылған күн тәртібіне байланысты 2020-2021 оқу жылында ыстық тамақ ішетін 11-оқушыны зерделеп, анықтап, әлеуметтік жағдайына қарап алмастыратын оқушыларды алмастырып 2021-2022 оқу жылына 1% білім қорынан бөлінген қаржыға ыстық тамақ ішсін деп айтып өтті.

### **Сөз алғандар:**

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі ата-аналар комитетінің төрайымы Парманова Аманкул жиналысқа қатысып отырған қамқоршылық кеңестің мүшелеріне осы мектептің ішінен ыстық тамақ ішетін жағдайы төмен, жартылай жетім, көпбалалы 11-оқушыны саралап мектептің әлеуметтік педагогы Скендеров Адилбекке ұсыну керектігін ескертті.

Мектептің әлеуметтік педагогы Скендеров Адилбек мектепте оқитын аз қамтылған, жартылай жетім, көпбалалы оқушылардың тізімінің ішінен 11-оқушыны атап өтті:

Кеңес мүшелері: Көпбалалы отбасының оқушылары: 6-сынып оқушысы Рысбек Азизаның орнына (жас мөлшеріне және жолдың ұзақтығын, ата-анасының жұмыссыздығын ескеріп) 1-сынып оқушысы Анарбек Нұргелдіні (көпбалалы отбасы), 7-сынып оқушысы Қырықбай Лаззаттың орнына (жас мөлшеріне және анасының үйде болмауын ескеріп) 1-сынып оқушысы Айтбай Әскербекті (ажырасқан отбасы), 3-сынып оқушысы Асилхан Саттарханның орнына (жолдың ұзақтығын және ата-анасының жұмыссыздығын ескеріп) 3-сынып оқушысы Махамбет Мейіржанды (көпбалалы отбасы), 5-сынып оқушысы Икмат Кәусардың орнына (жолдың ұзақтығын және ата-анасының жұмыссыздығын ескеріп) 5-сынып оқушысы Икмат Аманжолды (көпбалалы отбасы), 4-сынып оқушысы Оянбек Гүлмерейдің үйде оқытылуына байланысты орнына 6-сынып оқушысы Тәпей Сапарғалиды (көпбалалы отбасы). 5-сынып оқушысы Жанкул Нұрисламның орнына (жолдың ұзақтығын және

ата-анасының жұмыссыздығын ескеріп) 3-сынып оқушысы Сатыбалды Сулейменді (көпбалалы отбасы) ыстық тамақпен қамтыу керек деп ұсыныс жасады.

Осы ұсынысты мектеп психологы Шымырбаев Нұралы ашық дауысқа салды. Жалпы мектеп ұжым бір ауыздан қолдады.

Жоғарыда айтылған ұсынысты талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы қабылдады.

**Қаулы :**

1) 2021-2022оқу жылына дайындық бақылау директордың ОІЖО Абылаева Ғалияға жүктелсін.

2) «Алғашқы қоңырау» мерекесіне дайындық мерекесіне дайындық барысын бақылау директордың ТІЖО Лесов Ғалымбекке жүктелсін директордың ТІЖО Лесов Ғалымбекке жүктелсін.

3)Үйден оқытылатын оқушылардың сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің жоспарларын тексеріп, бекіту директордың ОІЖО Абылаева Ғалияға жүктелсін.

4) Жартылай жетім: 7-сынып оқушысы Шымыр Қасымжомарт. Ажырасқан отбасынан: 6-сынып оқушысы Айтбай Перизат, 3-сынып оқушысы Айтбай Нұрсұлтан, 1-сынып оқушысы Айтбай Әскербек. Көпбалалы отбасының оқушыларынан: 1-сынып оқушысы Анарбек Нұргелді, 3-сынып оқушысы Асқар Каусар , 3-сынып оқушысы Махамбет Мейіржан , 3-сынып оқушысы Түзел Бексұлтан, 3-сынып оқушысы Сатыбалды Сулеймен, 5-сынып оқушысы Икмат Аманжол, 6-сынып оқушысы Тәпей Сапарғали.

Осы оқушылар ыстық тамақпен қамтылсын.

Жиналыс төрағасы:

Байжұматов Оспан

Хатшы:

А. Скендеров

**Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Аққұм» негізгі орта  
мектебі мемлекеттік коммуналдық мекемесі  
«Қамқоршылық» кеңестің хаттамасы №**

**Қатысқан азаматтар саны: 25**

**«08 » 11. 2021ж**

**Күн тәртібінде:**

2. 2021-2022 оқу жылында 1% білім қорынан бөлінген қаржыға ыстық тамақ ішетін оқушыларды зерделеп екі оқушының орнын ауыстыру.

Бірінші кезек бойынша сөз алған қамқоршылық кеңесінің төрағасы О.Байжұматов кеңестің қойылған күн тәртібіне байланысты 2020-2021 оқу жылында ыстық тамақ ішетін (жартылай жетім) 7-сынып оқушысы Шымыр Қасымжомарттың мектептен кетуіне байланысты орнына отбасылық жағдайына қарап бір оқушыға ыстық тамақ беру керектігін айта келе, қалған ыстық тамақ ішетін 10-оқушының отбасылық жағдайын қайтадан саралау керек деген ұсыныс айтты.

**Сөз алғандар:**

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі ата-аналар комитетінің төрайымы Парманова Аманкул жиналысқа қатысып отырған қамқоршылық кеңестің мүшелеріне осы мектептің ішінен ыстық тамақ ішуге көпбалалы отбасынан 1-сынып оқушысы Оңғар Аянды және 5-сынып оқушысы Жанкул Нұрисламды мектептің әлеуметтік педагогы Скендеров Адилбекке ұсыну керектігін ескертті.

Мектептің әлеуметтік педагогы Скендеров Адилбек мектепте оқитын аз қамтылған, жартылай жетім, көпбалалы оқушылардың тізімінің ішінен 11-оқушыны атап өтіп мектептен кеткен (жартылай жетім) 7-сынып оқушысы Шымыр Қасымжомарттың орнына көпбалалы отбасынан шыққан 7-сынып оқушысы Қырықбай Азатты ыстық тамақпен қамтыу керек деп қамқоршылық кеңес мүшелеріне ұсыныс айтты.

Кеңес мүшелері: Скендеров Адилбектің ұсынысын қолдай келе көпбалалы отбасынан шыққан 3-сынып оқушысы Түзел Бексұлтанның отбасылық жағдайының жақсы екенін ескере келе орнына көпбалалы отбасынан шыққан 1-сынып оқушысы Оңғар Аянға ыстық тамақпен қамтыу керек деп ұсыныс жасады.

Осы ұсынысты мектеп психологы Шымырбаев Нұралы ашық дауысқа салды. Жалпы мектеп ұжым бір ауыздан қолдады.

Жоғарыда айтылған ұсынысты талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы қабылдады.

**Қаулы :**

Ажырасқан отбасынан: 6-сынып оқушысы Айтбай Перизат, 3-сынып оқушысы Айтбай Нұрсұлтан, 1-сынып оқушысы Айтбай Әскербек. Көпбалалы отбасының оқушыларынан: 1-сынып оқушысы Анарбек Нүргелді, 1-сынып оқушысы Оңғар Аян, 3-сынып оқушысы Асқар Каусар , 3-сынып оқушысы Махамбет Мейіржан , 3-сынып оқушысы Сатыбалды Сулеймен, 7-сынып оқушысы Қырықбай Азат, 5-сынып оқушысы Икмат Аманжол, 6-сынып оқушысы Тәпей Сапарғали.  
Осы оқушылар ыстық тамақпен қамтылсын.

Жиналыс төрағасы:

Байжұматов Оспан

Хатшы:

А. Скендеров

**Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Аққұм» негізгі орта мектебі**  
**мемлекеттік коммуналдық мекемесі**  
**«Қамқоршылық» кеңестің хаттамасы №**

**Қатысқандар:** қамқоршылық кеңес құрамы 9  
мұғалімдер -20

**«01 » 02. 2021ж**

**Күн тәртібінде:**

1.Мектеп директорының атқарған жұмыстары туралы есебі.

**Тыңдалды:**

Мектеп директоры Ж. Таев күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерді таныстыра келе, мектепте атқарылған жұмыстар туралы есебі тыңдалды.

Биылғы оқу жылында мектепке 104 оқушы қабылданды. Оларға 23 мұғалім дәріс жүргізеді. Оқу жылының басында барлық штаттық бірліктегі және пән мұғалімдері жоспарларын түзіп жұмыс жүргізіп келеді. 2 тоқсан 45% бен аяқталды. Мектепте тәрбие саласы бойынша түрлі іс-шаралар өткізуге арналған жылдық жоспар жасалынып бекітілген. **Ата-аналар комитеті отырысының жоспары бойынша 4 отырыс жоспарланған.** Қазіргі қоғам өмірінде діни бағыттағы өзгерістер туралы әңгіме, түсінік жүргізу, бейнефильм көрсету, құқық бұзушылықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Бала тәрбиесіне қатысты ата-аналарға арналған сауалнама жүргізіліп тұрды. Алтынтөбе ауыл әкімшілігінде құрамында 6 адамнан құралған «Мобильдік топ» құрылған. Қазіргі таңда оқушылар арасында білім беру мекемелерінде орын алып отырған келеңсіздіктер бар екені мәлім. Әлемде қылмыс пен құқық бұзушылықтың, нашарлық пен ұрлықтың етек алғаны бізді алаңдатууда. Оқушылар арасындағы суық қару алып жүру, бопсалаушылық, күш көрсетіп ақша жинау, топтарға бөліну, ұрлық, аутоагрессивті мінез-құлықтың орын алуына байланысты және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу барысында мектебімізде де тәрбие бағыттарын негізге ала отырып жұмыстар атқарылуда «Аққұм» негізгі орта мектебінде Алтынтөбе ауыл әкімшілігіне қарасты мектептердің «Мобильдік топ» мүшелері, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагогтар мен педагог-психологтар, тәлімгерлер, ата-аналар ұйымының төрағалары мен елді мекеннің ауыл билері арасында «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбында аймақтық кездесу болып өтті. Сонымен қатар мектепшілік іс шараларға ата-аналар қатынасып отырылды. Атап айтсақ қыркүйек айында мектепте «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында апталық өткізілді. Онда бастауыш сынып оқушылары арасында отбасы мен толағай ойынынан байқау өткізілді. Қазан айында 5-9 сыныптар арасында мектепшілік «Алтын күз» мерекесінде күз аруы байқауы өткізілді, олардың жеңімпаздары марапатталды. Тәуелсіз елім Қазақстан» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізіп, оғанда ата-аналар тартылды. Жаңа жыл шырша мерекесінде ата-аналар тартылып, оқушылар өнерін көріп, тамашалады. Мектепте 2020-2021 оқу жылының мектептегі психологиялық қызмет жұмысы негізінде психологиялық диагностика, психологиялық коррекция, психологиялық профилактика, психологиялық ағарту және психологиялық кеңес беру бағыттары бойынша жылдық жоспары жасалып, бекітілді. Жоспар бойынша тамыз айында мектеп алды дайындық тобы балаларының мектепке даярлығын анықтау

мақсатында және қыркүйек айында 1-сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтауда зерттеу жұмыстары жүргізіліп, сынып жетекшілеріне кеңестер берілді. Сынып жетекшілермен «Оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және болдырмаудың жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді және барлық сынып жетекшілердің осы бағыт бойынша жұмыс жоспарлары нақтыланды. Бастауыш 2-4 сынып оқушыларының оқу мотивациясын анықтауда тесттер алынып, «Көтеріңкі көңіл-күй - жан шуағы» тақырыбында тренинг сабақтары өтілді. Қаңтар, ақпан айларында 5-9 сынып оқушыларының жеке тұлғалық қасиеттерін анықтау мақсатында Г.Айзенктің, Филлипс тест-сауалнамалары жүргізіліді. Жеке сұраныс бойынша жекелеген оқушылармен жұмыстар жүргізіліп, сынып жетекшілері мен ата-аналарына психологиялық көмек көрсетілді «Аққұм» негізгі орта мектебінде Республикалық «Жалпыға міндетті білім беру айлығы» барысында тамыз-қыркүйек айларында жүргізілген «Менің тандауым-балаларға көмек корсету» аясында қамқорлық акциясы болып өтті. Онда мектеп оқушылары Шымыр Қасымжомарт, Айтбай Перизат, Айтбай Нұрсұлтан, Айтбай Әскербек, Оңғар Жайнаға оқу –құралдары алынып берілді. Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы» атты республикалық онкүндік өткізілді. Осыған орай мектебімізде «Балаға мейірім сыйла» тақырыбында қайырымдылық акциясы өткізілді. 3-сынып оқушысы Оянбек Шұғылаға мектеп құрал – жабдықтарын сыйға тартты.

**СӨЙЛЕГЕНДЕР:** . Ауыл округі әкімінің бас маманы Қаратаев Ернар мектеп директоры Ж. Таевтың жоғарыда аталған мәселе бойынша мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға көңілі толатындығын айтып өтті. Ата –аналар комитетінің төрайымы Парманова Аманкул оқу-тәрбие процесінде мектепішілік көптеген жұмыстар атқарылып жатқандығын айта келе, қаралған мәселеге байланысты қай уақыта болмасын мектепке көмек беретіндігін айтты.

Жиналыс төрағасы:

Байжұматов Оспан

Хатшы:

А. Скендеров



**Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Аққұм» негізгі орта мектебі  
мемлекеттік коммуналдық мекемесі  
«Қамқоршылық» кеңестің хаттамасы №**

Аққұм елді мекені

31.01.2022ж

**Қатысушылар: қамқоршылық кеңесінің мүшелері:** кеңес төрағасы Байжұматов Оспан, кеңес мүшелері Алтынтөбе ауыл әкімшілігінің бас маманы, заңгер Қаратаев Ернар, Алтынтөбе ауыл әкімшілігінің бас маманы, іс-жүргізуші Усенов Богенбай, учаскелік полиция Тошаев Нуриддин, АББ әдіскері Қуанышев Биржан, мектепте ата-аналар комитетінің төрайымы Парманова Аманкул, кәсіпкер Сейіт Алдияр, мектептегі кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұсаев Нұрдос кеңеске құжаттарын ұсынып, оң қорытынды алған кандидаттар, мектеп ұжымының барлығы 35 адам.

**Күн тәртібінде:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығын жүзеге асыру туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселеге сәйкес кеңес төрағасы Байжұматов Оспан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығының мазмұнын оқып, осы бұйрықтың 8-тармағында «Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді» көрсетілгендігіне байланысты: кеңес төрағасы Байжұматов Оспан өзінің «1-Мамыр» жббм төраға екенін ескере келе «Аққұм» ном қамқоршылық кеңес төрағасының орнын бос екенін жариалады. Қамқоршылық кеңесінің құрамындағы АББ әдіскері Қуанышев Биржанның ауысуына байланысты және Алтынтөбе ауыл әкімшілігінің іс-жүргізуші Усенов Богенбайдың өз арызы бойынша қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылатыны айтылып өтті.

Кеңес құрамына құжаттарын ұсынып, оң қорытынды алған кандидаттардың құжаттарымен хатшы танысып шықты. Барлығы №355 бұйрыққа сәйкес тиісті құжаттар рәсімдерімен тексерілгенін айтып өтті.

Кеңес төрағасы Байжұматов Оспан жаңартылған құрамның өкілдерімен таныстырып сайлауды ұсынды.

Ұсыныс бірауыздан қолдау тауып, сайланды. Қамқоршылық кеңестің жаңартылған құрамы таныстырылды.

1. Анарбаев Сейітжапбар (зейнеткер ұстаз)
2. Қаратаев Ернар (Алтынтөбе ауыл әкімшілігінің бас маманы, заңгер)
3. Өмірәлиева Жамила (Жеке кәсіпкер)
4. Примкулов Биболат (ауыл биі)
5. Парманова Аманкул (Ата-аналар ұйымының төрайымы)
6. Шертай Мадина (АББ әдіскері)
7. Кудайбергенов Нурман (Жеке негізде)
8. Мұсаев Нұрдос (мектепте кәсіподақ ұйымының төрағасы)
9. Кенжетаев Нурдаулет (Жеке негізде)
10. Скендеров Адилбек (Қамқоршылық кеңес хатшысы)

Қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі мәселе бойынша талқылап, төмендегідей

**шешім етеді:**

«Аққұм» негзгі орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы қамқоршылық кеңесінің мына төмендегі мүшелері құрамынан босатылсын.

1. Байжұматов Оспан
2. Куанышев Биржан
3. Усенов Богенбай
4. Тошаев Нуриддин
5. Сейіт Алдияр

«Аққұм» негзгі орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы қамқоршылық кеңесінің мына төмендегідей құрамда аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне бекітуге ұсынылсын.

1. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Анарбаев Сейітжапбар (келісімі бойынша)
2. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Қаратаев Ернар (келісімі бойынша)
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Өмірәлиева Жамила (келісімі бойынша)
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Примкулов Биболат (келісімі бойынша)
5. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Парманова Аманқұл (келісімі бойынша)
6. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Шертай Мадина (келісімі бойынша)
7. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Кудайбергенов Нурман (келісімі бойынша)
8. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Мұсаев Нұрдос (келісімі бойынша)
9. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Кенжетаев Нурдаулет (келісімі бойынша)
10. Қамқоршылық кеңес хатшысы: Скендеров Адилбек

Бекітілген кеңес бұйрығын кеңес хатшылығы кеңес құрамына жазбаша түрде таныстырылсын.

Аталған кеңестің жаңа құрамы мен өткізілген жиын туралы мәлімет 3 жұмыс күн /бұйрық шыққаннан кейін/ мерзімінде БАҚ –на, әлеуметтік желілерге, аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне кеңес хатшылығы арқылы берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Байжұматов О

Қазығұрт ауданының адами әлеуетті  
дамыту бөлімінің басшысы А. Уисимбаевқа  
«Аққұм» негізгі орта мектебі коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінен

### Сұраныс

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығын негізге ала отырып, мектепте жұмыс істейтін қызметкерлердің орнына жаңа құрамда Қамқоршылық кеңес құрамын төмендегі тізімдегі мүшелерді бекітіп беруіңізді сұранамыз.

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы: Анарбаев Сейтжапбар (зейнеткер ұстаз)
2. Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары: Қаратаев Ернар (Алтынтөбе а/э бас маманы, заңгер)
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Кудайбергенов Нурман (жеке негізде)
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Примкулов Биболат (ауыл биі)
5. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Парманова Аманкул ( ата-аналар комитетінің төрайымы)
6. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Шертай Мадина (АББ әдіскері)
7. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Өмірәлиева Жамила (жеке кәсіпкер)
8. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Мұсаев Нұрдос ( кәсіподақ ұйымының төрағасы)
9. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Кенжетаев Нурдаулет (жеке негізде)
10. Қамқоршылық кеңес хатшысы: Скендеров Адилбек

Мектеп директоры:

Ж. Таев

«Аққұм» негізгі орта мектебінің жанындағы қамқоршылық кеңесінің 31.01.2022 жылы  
өткізілген жиналысының хаттамалық шешіміне келісім беру  
ПАРАҒЫ

«Аққұм» негізгі орта мектебінің жанындағы қамқоршылық кеңесінен шығарылған азаматтар  
ТІЗІМІ

К/с	Фамилиясы, аты-жөні	Қызметі	Қолы
1	Байжұматов Оспан	Кеңес төрағасы	
2	Усенов Богенбай	Кеңес мүшесі	
3	Тошаев Нуриддин	Кеңес мүшесі	
4	Қуанышев Биржан	Кеңес мүшесі	
5	Сейіт Алдияр	Кеңес мүшесі	

«Аққұм» негізгі орта мектебінің жанындағы қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамы кестесі.

К/с	Фамилиясы, аты-жөні	Қызметі	Қолы
1	Анарбаев Сейітжапбар	Кеңес төрағасы	
2	Қаратаев Ернар	Төраға орынбасары	
3	Кудайбергенов Нурман	Кеңес мүшесі	
4	Примкулов Биболат	Кеңес мүшесі	
5	Парманова Аманкул	Кеңес мүшесі	
6	Шертай Мадина	Кеңес мүшесі	
7	Өмірәлиева Жамила	Кеңес мүшесі	
8	Мұсаев Нұрдос	Кеңес мүшесі	
9	Кенжетаев Нурдаулет	Кеңес мүшесі	
10	Скендеров Адилбек	Кеңес хатшысы	

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Анарбаев С.

Хатшысы:

Скендеров А